**Сабақ тақырыбы:** Қазақстан Республикасының ерекше қорғауға алынған аумақтары

**Оқу мақсаты:**

- Экология, қорық, ұлттық саябақ, табиғат ескерткіші, Қызыл кітап, дендрологиялық саябақтар ұғымдары.
- Қазақстан Республикасының қорықтары мен ұлттық саябақтары, олардың географиялық орны, құрылу мерзімі, жануарлар мен өсімдіктердің қорғауға алынған түрлері

**Жетістік критерийі**

***Білу;***

- Экология, қорық, ұлттық парк, табиғат ескерткіші, Қызыл кітап, дендрологиялық саябақ: алты анықтаманы біледі;
- Қорық, ұлттық парк, табиғат ескерткіші, Қызыл кітап, дендрологиялық саябақтың ерекшеліктерін ажыратады;
- Қазақстандағы қорық және ұлттық парктердің құрылу мақсатын сипаттайды;
- Қазақстандағы қорық және ұлттық парктердің орналасу ерекшеліктерін сипаттайды;
- Бір биосфералық объектіні зерттеу арқылы туындайтын мәселелер мен шешу жолдарын нақты көрсете алады;
- Ерекше қорғалатын аймақтардың маңыздылығын, қажеттілігін ажырата алады.

# Өткенге шолу

1. Су қойма, бөген, тоған ұғымдарына анықтама?
2. Электр энергетикасындағы СЭС-тің үлесі?
3. СЭС-тің табиғатқа кері әсері?
4. СЭС салу барысында ескерілетін факторлар?
5. СЭС салудың табиғатқа кері әсері, жергілікті халыққа қалай әсер етеді?
6. Су қойма салудың кеме қатынасына, гидрологиялық режимге қалай оң әсер етеді?
7. Дамушы елдерде неліктен СЭС салу төмен?
8. СЭС салынған аймақтарда табиғатты қорғау үшін қандай жұмыстар жүргізуге болады?







# Терминдер:

- экология;
- қорық;
- қорықша;
- ұлттық саябақ;
- табиғат ескерткіші;
- резерват;
- қызыл кітап;
- дендрологиялық бақ



**Ерекше қорғалатын табиғи аумақ** — ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері

1. Табиғаты қорғау туралы қажеттіліктер қай уақыттан бастап проблема ретінде қозғала бастады?

2. Қазақстанда табиғатты қорғау қаншалықты қолға алынған?

3. Табиғатты қорғау жолында сіз қандай үлес қостым деп ойлайсыз?

4. Қорық пен қорықшаның айырмашылығы?

5. Қорық пен ұлттық саябақтың айырмашалығы?

Табиғатты қорғау туралы шаралар XX ғасырдан бастап жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. 1948 жылы Халықаралық табиғатты және табиғи қорларды қорғау одағы құрылды. 1971 жылы ЮНЕСКО “Адам және биосфера” бағдарламасы қабылданыфп, оны Жер шарының кез-келген бөлігіндегі ресурстарды қорғауға арнады.

Бүгінгі таңда Жер шарында 70-тен астам елде 300-ге жуық биосфералық қорықтар ұйымдастырылды. Олардың ауданы 4 млн.км$^2$.

Елімізде табиғат байлықтарын дұрыс пайдалануға көңіл бөлініп, 1918 жылы табиғатты қорғайтын арнаулы комитет ұйымдастырылды. 1962 жылы 16 маусымда Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының “Қазақстан табиғатын қорғау” туралы жарлығы шықты.

Қызыл кітап – сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Бұл жинақ алғаш рет 1966 жылы 2 топтық болып шықты.

Қазақстанда бұл кітап алғаш рет 1978 жылы жарыққа шығып, аңның 21 түрі мен 8 құс енгізілді. 1981 жылы өсімдіктерге арналған басылымы жарыққа шықты.

Осынау жүргізіліп жатқан шаралардың барлығы көркес де нәзік, әсем де тылсым табиғатты мүмкіндігінше өзгеріссіз табиғи бейнесін сақтай отырып, болашақ ұрпақ қолына тапсыруды көздейді. http://www.mediakurs.kz/kz/video/242-qyzyl_kitap_degenimiz_ne








# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

## ҚОРЫҚТАР

- Ақсу-Жабағалы
- Қаратау
- Үстірт
- Барса-Келмес
- Наурызым
- Қорғалжын
- Алматы
- Алакөл
- Марқакөл
- Батыс Алтай

## ҰЛТТЫҚ САЯБАҚТАР

- Баянауыл
- Іле Алатауы
- Қарқаралы
- Алтынемел
- Көкшетау
- Бурабай
- Қатонқарағай
- Шарын
- Сайрам-Өгем
- Жоңғар Алатауы

## ҚОРЫҚШАЛАР

- Алматы
- Зеренді
- Рахман
- Балқаш

## ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШІ

- Қаздың қайтуы
- Шынтүрген
- Шарын
- Әнші құм

## РЕЗЕРВАТТАР

- Ақжайық
- Ертіс орманы
- Семей орманы
- Ырғыз-Торғай


ТАБИҒАТ ЗОНАЛАРЫ
Қорықтар
Ұлттық саябақтар

# Ерекше қорғалатын табиғи аумақтары картасы



| № | Қорықтың атауы | Географиялық орны (облыс немесе аудан) | Құрылған жылы | Құрылу мақсаты | Ауд. | Қорғалатын өсімдіктер саны мен ерекше түрлері | Қорғала-тын жануарлар саны мен ерекше түрлері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақсу-Жабағалы | | | | | | |
| 2 | Қара-тау | | | | | | |
| 3 | Үстірт | | | | | | |
| 4 | Барса-Келмес | | | | | | |
| 5 | Алматы | | | | | | |

| № | Қорықтың атауы | Географиялық орны (облыс немесе аудан) | Құрылған жылы | Құрылу мақсаты | Ауд. | Қорғалатын өсімдіктер саны мен ерекше түрлері | Қорғалатын жануарлар саны мен ерекше түрлері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алакөл | | | | | | |
| 2 | Марқакөл | | | | | | |
| 3 | Батыс Алтай | | | | | | |
| 4 | Наурызым | | | | | | |
| 5 | Қорғалжын | | | | | | |

Қазіргі кезде жойылу қаупі төнген, қызыл кітапқа енгізілген, бірақ та адамдардың іс-әрекеттері нәтижесінде құрдымға кетіп бара жатқан бір өсімдік немесе жануардың түрін таңдап жоспар бойынша жауап беріңіз;

**ЖОСПАР:**

- түрі;
- географиялық таралуы;
- қызыл кітаптың қай түсті парақшасында?
- неліктен құрдымға кетуде?
- қалай сақтап қалуға болады?
- болашаққа болжам;

Әлемнің 70 елінде қорық орналасқан. ТМД елдеріне кіретін жалпы Республикалар (Ресей автономиялары) ішінде қорықтар саны бойынша 16 орында. Қорықтардың алып жатқан территориясы бойынша 13 орын алады.

**Сұрақ:** Қазақстан табиғатын қорғауда қорықтар саны жеткілікті ме *(пікіріңізді дәлелдеңіз)*?

Қорықтардан бөлек табиғаты қорғаудың қандай әдіс-тәсілдерін ұсынасыз?

# Қорытынды сұрақтар:

1. Өзіңіз орналасқан өңірде дендросаябақ бар ма? Бар болса оны өзге өңірлермен салыстырып, қызметін сипаттаңыз;

2. Қазақстанда құрылып жатқан қорғау аймақтары қандай қажеттіліктер нәтижесінде құрылуда, олардың нәтижесі бар ма?

3. Қоршаған ортаның бүлінуінде географиялық қабықтың біртұтастылығы заңдылығы бұзылуының қаншалықтың қатысы бар? Оны ескеру қажеттілігі қаншалықты?

# Үйге тапсырма:

1. Қазақстанның кескін картасына қорықтар мен ұлттық саябақтарды түсіріңіз, орналасқан облысын жаттаңыз?

2. Қазақстанда қорықтар мен ұлттық саябақтардың орналасу заңдылықтарына талдау жасаңыз, экологиялық қауіпті аудандардың таралуымен қатысы бар ма?

# *БАҒАЛАУ*

# *КЕРІ БАЙЛАНЫС*